

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

**ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

Филологиялық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК
ТОРАЙҒЫРОВ
УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 2 (2021)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/CDZE3219>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анессова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/TVGR8732>

***Н. Қ. Жүсіпов, Е. Қ. Жүсіпов,
М. Н. Баратова, А. А. Курметова**

Торайғыров университеті,
Қазақстан Республикасы, Павлодар қ.

ШЫҒЫС ӘДЕБИЕТІ МЕН МӘШҮР ЖҮСІПТІҢ МҰХАММЕД ПАЙҒАМБАРДЫ ЖЫРЛАУДАҒЫ ҮНДЕСТІГІ

Мақалада Шығыс әдебиетінің қазақ әдебиетіне тигізген әсері орасан зор екендігі айтылады. Біздің әдебиетіміз үшін араб, парсы және түрік руханияты нәр алған кең арна іспеттес. Шығыс әдебиетіндегі Мұхаммед пайғамбар бейнесі қазақ әдебиетіндегі белгілі ақын, фольклоршы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармаларымен үндес келеді. Шығыс ақындары Низами, Қ. А. Иассауи, Ж. Баласағұн, т.б. жырлары мен М. Ж. Көпейұлының «Жер мен көк», «Хаятбақшы» дастандарындағы ұқсастықтары баяндалады. Жалпы шығыс әдебиетінде дәстүр боп қалыптасқан нәзира үлгісі пайғамбарымыз Мұхаммед бейнесін жырлауда қазақ ақындары кеңінен пайдаланған. Сол нәзира дәстүрін дамытып, өзіндік арна қалыптастырған Мәшһүр Жүсіп шығармаларынан айқын аңғарамыз.

Кілтті сөздер: шығыс әдебиеті, қазақ әдебиеті, дастан, Құран, пайғамбар.

Кіріспе

Әлемдік мәні бар Шығыс әдебиетінің қазақ әдебиетіне тигізген әсері орасан зор. Біздің әдебиетіміз үшін араб, парсы және түрік руханияты нәр алған кең арна іспеттес. Шығыс пен қазақ әдебиеті арасындағы байланыстың тамыры тереңде жатыр. Сонымен бірге әдебиетіміздің қайнар көзі фольклордың өне бойы да, халқымыздың рухани салт-санасы да шығыстық дәстүрге толы. Қазақ жазба әдебиетінің белесті кезеңі – XIX–XX ғасыр десек, бұл уақыттың рухани өмірінде шығыстық байланыс айрықша орын алады. Осы байланыстың негізгі жүйесі Ислам діні арқылы келгенін жоққа шығаруға болмайды. Шығыстық дәстүрмен қат-қабат үндестікте көрінетін Ислам дүниетанымы адамзат мәдениетінде ерекше роль атқарады. Оның синтездік мән-мазмұны бұрын

сыңаржақ бағаланып келді. Енді аталған құбылысқа ғылыми жан-жақты талдау жасау күн тәрттібінде тұрған өзекті мәселенің бірі болып табылады. Мұнсыз, шығыс әдебиеті туралы түсінік бір жақты болмақ.

XIX–XX ғасырдағы қазақ ақындары үшін шығыс әдебиеті – өнерді үйрену мен танудың үлкен мектебі. Жаңа тұрпаттағы қазақ әдебиетінің көшбасшысы болған Абайдың мына бір өлең жолдары да қазақ ақындарының кімдерді ұстаз тұтқанын байқата алады:

Фзули, Шамси, Сәй-Хали,
Науаи, Сағди, Фирдауси,
Хожа Хафиз-бу һәммәси
Мәдәт бер шағири фәрияд [1, 28 б.].

Бұл дәстүрді әрі қарай дамытқан ақындардың бірі – XIX ғасырдың соңғы ширегі мен XX ғасырдың басында артына мол мұра қалдырған белгілі ақын, фольклоршы, тарихшы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы.

Зерттеудің нысаны: Шығыс әдебиеті мен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы Мұхаммед (Ф. С.) пайғамбарды жырлаудағы үндестік

Зерттеудің пәні: шығыс әдебиеті мен М. Ж. Көпейұлы шығармаларындағы үндестіктің бейнеленуі

Мақсаты: Мақалада, шығыс әдебиетіндегі мол мұраның қазақ әдебиетіне, оның ішінде ақын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларына әсерін, Мұхаммед (Ф. С.) пайғамбар бейнесін жырлаудағы үндестігі мен ұқсастықтарын саралау. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін төмендегі міндеттер қойылады:

Міндеттері:

– М. Ж. Көпейұлы поэзиясы мен шығыс әдебиетінің Мұхаммед (Ф. С.) пайғамбарды жырлаудағы үндестігін саралау;

– Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармаларындағы пайғамбарды жырлаудағы ерекшеліктерге тоқталу.

Зерттеудің әдістері мен нәтижесі

Мақалада салыстыру, сараптау мен пікірлерді қорыту әдістері басшылыққа алынды. Қазақ әдебиеттану ғылымында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының шығармалдарының алар орны ерекше. Мәшһүр Жүсіптің өлеңдері мен шығыс әдебиетіндегі ақындардың Мұхаммед пайғамбарды жырлаудағы үндестігін саралап, зерделеу.

Барлық мұсылман елдері әдебиеті тәрізді Мұхаммедті (Ф. С.) жырлау қазақ әдебиетінде де өзекті тақырыптың бірі болды. Соның бір көрінісі – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы шығармалары. Ақынның «Жер мен көк» дастанында Алланың алдымен Мұхаммед (Ф. С.) нұрын, содан көп уақыт өткеннен кейін барып, періштелерді, сегіз ұжмақты, жеті тамұқты жаратқаны баяндалған. Тіпті адамды жаратқаннан кейін де, оның ұрпағының бірі

Мұхаммед (Ғ. С.) болатыны, Мұхаммедтің (Ғ. С.) ерекше екені алдын ала ескертіледі:

- Иә, Адам туар сенен бала, – дейді,
- Көңіліңді хақтан қылма ала, – дейді.
- Не нәрсе толып кеткен жиылған көп,
Бұрылып оң жағыңа қара! – дейді [2, 130 б.].

Мұхаммед (Ғ. С.) өміріне арналған әдебиеттерге сүйеніп, ондағы деректерді жүйелесек, Мұхаммед (Ғ. С.) тууына 2 ай бұрын оның әкесі Абдолла (Ғабдолла) 25 жасында қайтыс болады. Қожа Ахмет Иассауи XII ғасырда: «Атасының аты оның Ғабдолла екен, Анадан тумай жатып өлген екен» [3, 93 б.], – дегенде, оның Мұхаммед (Ғ. С.) дүниеге келмес бұрын көз жұмған айтып отыр. Шәді Жәңгірұлы 1914 жылы шыққан кітабында: «Алты айда Ғабдоллаға ажал жетті, Пайғамбар тумай тұрып өліп кетті», [4, 11 б.] – десе, Мәшһүр Жүсіп: «Арманда өз әкесі кеткен екен, Келер жаннан кетер жан алты ай бұрын» [5, 129 б.], – дейді. Ал, пайғамбарға арналған ғұмырнамалық кітаптың бірінде Абдолла Мұхаммед (Ғ. С.) тумай тұрып емес, туғаннан кейін оның екі айлығында өлген болып шығады [6, 36 б.].

Мұхаммед (Ғ. С.) өміріне арналған деректі ғұмырнаманың тағы бірінде пайғамбардың бала кезіндегі өмірі баяндалады. Онда Мұхаммед (Ғ. С.) шешесі Әминаның 30 жасында, болашақ пайғамбар алтыға келгенде, қайтыс болғаны айтылады. Пайғамбар жеті күн өз шешесінен сүт емген. Одан кейін оның негізгі сұтанасы Халима болған. Халима Мұхаммедті екі жасқа келгенше өз сүтімен емізген. Пайғамбар төрт жыл Халиманың «Бәни сайһд» тайпасының арасында болған. Мұхаммед бес жасқа аяқ басқанда, Халима оны өз шешесіне табыс еткен.

Мұхаммедтің бала кезінде жетімдік көргені Қожа Ахмет Иассауиде берілген:

- Әмина екен туған оны анасының есімі,
- Сүт анасы Халима екен, дала бопты бесігі.
- Абдолла атты әкесі өмірден ерте өтіпті,
- Баласының бет-жүзін көре алмастан кетіпті [7, 93 б.].

Әрі қарай дітгесек, Қожа Ахмет Иассауи кітабында айтылғандар мен Мәшһүр Жүсіп шығармаларындағы үндестік көзге ұрып тұр. Қожа Ахмет Иассауи кітабынан көретініміз:

- 1 Мұхаммедті мәпелеп, аялаған бабасы,
- Аш-жалаңаш етпеген келгенінше шамасы.
- Оның аты Абдулмұтгалап деп біліңіз,
- Әрқашан да көңіліңіздің төрінде ұстай жүріңіз [7, 94 б.].
- 2 Енді айтайын Мұхаммедтің он жетіге толған шағын,
- Сонда оған көзі түсіп, көңілі ауған Хадишаның [7, 98 б.].

3 ... Мұхаммед қырық жасқа келді енді,
Байқалды пайғамбардың белгілері [7, 103 б.].

Мәшһүр Жүсіпте негізінен алғанда, осы деректер сақталады. Сонымен бірге онда Мұхаммед бейнесін ашарлық нақты көріністер бар. Мәселен, акынның «Жер мен көк» дастанында:

Бір қатын Халима атты сақтап күткен,
Құдайым оның сүтін халел еткен.
Көрмеді ешкім оның болған сүтін,
Құдайым әуел бастан тап-таза еткен [2, 136 б.],

– десе, кейін жазылған «Хаятбақшы» дастанында бұл жайтты тарата бейнелейді. Онда көліктері күйлі басқа әйелдердің ерте жеткендіктен, бағып-қағуға бай балаларын алғаны, ал кедей Халимаға кедей отбасынан шыққан Мұхаммед қана қалғаны баяндалады. Халиманың оң емшегі бұрын суалып кеткендіктен, өз баласына арнаған сол емшекті Мұхаммедке (Ғ. С.) тосқанда, болашақ пайғамбар, сол кездегі нәресте, біреудің несібесін ембей, «өксіп-өксіп жылайды». Сол сәтте «оң емшегі бұлақ боп» сүт шығады да, Мұхаммед оң емшекті еме бастайды. Одан әрі Халиманың «арық қотыр» жалғыз түйесі семіз болып шыға келеді, оның басқа да ырзық-несібесі артады. Мұхаммедтің алты жасында шешесі Әмина көз жұмады да, сегіз жасына дейін ол атасы, әкесінің әкесі Әбді әл-Мүтәліп (Ғабдулмүтәліп) қарауында болады. Мұхаммед сегіз жасқа келгенде, атасы өліп, ол енді атасы Ғабдулмүтәліпұлы, яғни немере атасы, әкесінің бауыры Әбутәліп тәрбиесіне өтеді.

Шәді Жәңгірұлы кітабында Мұхаммед атасының демі бітер шақта баланы күтуге алмақ болған басқа ұлдарына бермей, тек Әбутәліпке рұқсат етеді [4, 20–21 б.].

Мәшһүр Жүсіптің «Хаятбақшы» дастанында бұл деректер жалаң алынбай, лирикалық кейіпкер күйзелуі, бағалауы тұрғысынан бейнеленіп өріледі:

Сөзді өрбітіп келемін қозғап түртіп,
Ақсақ құлан жосыған күйін шерттіп.
Бағып, қағып жүріпті паруана боп,
Енді Ғабдол Мүтәлаб қасына ертіп.

Көшетұғын қоңырауын керуен қақты,
Қимылдауға келтірмей тіл мен жақты.
Бабасы да жөнелді ұзын жолға,
Ағаш атқа мініп ап төрт аяқты.

...Ойлай берсем, езілген бауыр етім,
Қылған ісі өзінің күдіретім.
Сегіз жаста сергелдең күйге түскен,
Мұхаммедтей бар ма екен болған жетім?!

...Өз-өзінен жүргенді от боп жанып,
Күйіп-піспей сонда да біздей налып.
Әкесімен өзінің бір туысқан,
Енді қолға алыпты, Әбутәліп.

Қуындай боп шақпақтың от алыпты,
Қасірет оты ішінде тұтаныпты.
Екі дүние шырағы хақ Мұстафа,
«Әбутәліп жетімі атаныпты» [5, 134–135 б.].

Одан әрі Әбутәліп кеңесімен Мұхаммед бай, жесір әйел Хадишаның сауда керуеніне жұмысқа тұрады. Мәшһүр Жүсіптің «Хаятбақшы» дастанында Хадишаның Мұхаммедке ерекше ықылас білдіріп, оған күйеуге тиюіне түрткі болып, ол көрген түс алынған:

Құдайымнан көрерсің көп қызық іс,
Болатұғын нәрсе жоқ құдайға күш.
Әбутәліп, Мұхаммед келе жатса,
Ұйықтап жатып Хадиша көрді бір түс.

Хадишаның оралды қол мойынына,
Кіріп келді көктегі Ай қойнына,
Адамдай боп Айменен шағылысып,
Түшіркеніп мейірі қанды ойынына.

Ұйқысынан Хадиша тұра келді,
Ай қойнына кіруі көңіл бөлді.
Түс жорымпаз бар екен бір ағасы,
Жылдам кісі жіберіп алдырды енді.
Жорытты ағасына көрген түсін,
Көргенің рас болса, бұл түсті шын,
Келеді ақыр заман пайғамбары,
Үйіңе саған күйеу болу үшін.

...Ағасы қуантты да, шығып кетті,
Бір шаттық Хадишаға мінез бітті.
Қуанғаннан мүлде есі шығып кетіп,
Ұмытты ішер ас пен жейтін етті [5, 140–141 б.].

Сонымен бірге Мұхаммедтің өз ісіне барынша адал болуы да Хадиша таңдауына әсер етсе керек. Ғұмырнамалық кітапта мынадай дерек бар: «Араб тарихшыларының уәждеуінше Мұхаммед осынау қарабайыр күйбің тірлік өмірде биязы мінезді, ала жіп аттамайтын айтарлықтай адал, тыңдырымды, көрші-қолаңмен сыйымды, жаны ізгі жан болған [6, 65 б.].»

Мұхаммедтің адал, сенімді болғаны Құран Кәрімде де атап көрсетілген: «Мұхаммед Әмин», «сенімді Мұхаммед» деп, бала жастан толық сенім артқан, өмірінде еш өтірік айтпаған, биязы мінезді, сондай-ақ ешкімнен оқымаған бола тұра, даналықтың ең кемеліне ие екенін жақсы біледі [8, 346 б.].

Мұсылман елдері әдебиетінде Мұхаммед пайғамбардың Алламен жүздесуіне арналған миғраж сапары кең жырланғаны белгілі. Низами осы миғраж сапарын бейнелей отырып, жердегі мен ондағы өлшем бір еместігін бөліп көрсеткен:

Сол ғайыпта шұғыла кеңдік, не төмен жоқ, не жоқ аспан,
Алты өлшем ада онда, бар қасиет бір тұтасқан.

Алты ұлы өлшем деген – Хақ алдында өлшем емес, –
Алдында оның жаһан да тар, найзағай да күркіре мес.

Бұл фәнидің өлшемдері – ләзім жердің мүддесіне, –
Күдіреттің тәж-тахыты сыймас жердің кең төсіне [9, 32 б.].

Миғраж сапарында Мұхаммед өз үмбеті үшін аса мәнді іс атқарып қайтады. Мәселен:

Алдымнан жетіп келді бір келіншек,
Жібермес едік, – дейді, – сені білсек.
Шаршайсың бұл жолыңнан, барма! – дейді,
Болмадым тілін алып, мен, еріншек.

Кейін келіншектің алдамшы дүние екені айқындалып, Мұхаммедтің Адам атаның баласы Шишке, сол арқылы кейінгі ұрпақтардың бәріне арнаған өсиетінің бірінші тармағын орындағаны ашылады:

– Алдымнан келген қатын, ол кім? – дейді,
– Ол – дүние, бәрекелді, білдің! – дейді.
– Сөзіне алданбадың, ұйымадың,
Хұп жақсы, бәрекелді, қылдың! – дейді [2, 148 б.].

Одан әрі Мұхаммедтің өз үмбетін үлкен күнәдан, арақтан арашалау ерлігі сүйсінерлік:

Әкелді екі кесе маған шарап,
Шараптың біреуі – сүт, біреуі – арақ.
Сүтті іштім, сол уақытта, арақты ішпей,
Түсіне екеуінің қарап-қарап.
– Сүтті іштің, бәрекелді, тәуір танып,
Дозаққа күймес енді үмбет жанып.
Арақты ішсең ғас боп мақшар күнде,
Үмбетің жүрер еді назаланып [2, 148 б.].

Мұхаммедтің адамгершілігін, ізгілігін сөз еткенде, оның үмбеті үшін кам жеуіне баса назар аударған жөн, Қожа Ахмет Иассауиде мынадай жолдар бар:

1 Үмбетім деп күндіз-түні жеді қасірет,

Көкіректегі шерді шығарсын, ей, Мұхаммед [3, 53 б.].

2 Үмбет үшін Расул дәйім қайғы жеді,

Үмбетінің күнәсын тілеп алды» [3, 114 б.].

Жалпы мұсылман елдері әдебиетшілері шығармаларында алдымен Алланы, ізінше Мұхаммед (Ф. С.) пайғамбарды жыр ету үстем болғаны белгілі. Бұл фактілерге ислам ғылымдары ғана емес, басқа елдер зерттеушілері де назар аударған: «Көне араб қаһармандары туралы аңыздарды есепке алмасақ, бізге жеткен «Өмірнамалардың» бірі Басрия ғалымы Ибн Хишамның «Расул Алла сираты» («Пайғамбардың ғұмырнамасы») деп аталатын сирасы [10, 109 б.].

Мұның бәрі мұсылмандық шығыс әдебиетінде алдымен Алланы, Мұхаммед (Ф. С.) пайғамбарды жырлаудың өзекті, басты тақырып болғанын дәлелдейді. Алланы, Мұхаммедті (Ф. С.) жырлау шығыс қаламгерлерінде көбінесе сөз басы, айтылар ойдың кіріспесі ретінде беріліп келуі де тегін емес. Мұның бәрі әлемдік әдебиеттің құрамдас бір бөлігі, әсіресе VIII–XX ғасыр аралығында өзіндік бағытта дамыған мұсылмандық шығыс әдебиетін түсіну, түсіндіру үшін ондағы Алла, Мұхаммед (Ф. С.) бейнелеріне соқпай өту мүмкін еместігін негіздейді.

Қорытынды

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы – XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың бас ширегінің санаткері. Сондықтан исламның ең асыл түсініктерін ақын өз заманында жеткен таным-пайымдарымен түсіндіре алған. Сөз жоқ, бұл түсініктерде арабтық, парсылық, түркілік парасат биігі болғанын терістемейміз. Алайда осы кезеңдік-ареалдық асулардың ұлттық руханиятта қорытылуы Мәшһүр Жүсіп шығармашылығында байқалады. Түйіп айтқанда, шығыс ақындарының Мұхаммед (Ф. С.) пайғамбарды жырлаудағы дәстүрін алға апарған, өзінше өрістеткен Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы қазақ әдебиеті дамуына ерекше үлес қосқаны анық.

Бұл мақаланы Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландырады (грант № AP08856356 «Рухани жаңғыру: Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының мәдени-әдеби мұрасы»).

Пайдаланған деректер тізімі

- 1 **Құнанбаев, А.** Шығармалары. Т.1. – А. : Ғылым, 1977.
- 2 **Көпейұлы, М. Ж.** 20 томдық шығармалар жинағы. II том. – Павлодар, 2003. – 384 б.
- 3 **Яссауи, Қ. А.** Диуани Хикмет. – Алматы : Мұраттас, 1993. – 109 б.

- 4 **Жәңгірұлы, Ш.** Назым сияр Шәриф. – А. : Санат, 1995. – 128 б.
- 5 **Көпейұлы, М. Ж.** 20 томдық шығармалар жинағы. III том. – Павлодар, 2003. – 382 б.
- 6 **Панова, В., Бахтин, Ю.** Мұхаммед пайғамбардың өмірі. – А. : Жазушы, 1994. – 464 б.
- 7 **Иассауи, Қ. А.** Хикметтер. – А. : Өнер, 1995. – 208 б.
- 8 **Құран Кәрім.** – Медине, 1991.
- 9 **Низами.** Жеті ару. – А. : Жазушы, 1980. – 488 б.
- 10 **Шидфар, Б. Я.** Генезис и вопросы стиля арабского народного романа (сирь) // Генезис романа в литературах Азии и Африки. – М. : Наука, 1980.

References

- 1 **Qūnanbaev, A.** Şyğarmalary. [Works of Kunanbayev. T.1]. – А. : Science, 1977.
- 2 **Kopeyuly, M. Zh.** 20 tomduq shyğarmalar jınaғы. II tom. [Kopeyuly, M. Zh. Collection of works in 20 volumes. Volume II.]. – Pavlodar, 2003. – 384 p.
- 3 **Iassayı, Q. A.** Diyanı Hikmet. [Diwani Hikmet]. – Almaty : Murattas, 1993.
- 4 **Jāngirūly, Ş.** Nazym siyar Şārif. [Nazym Siyar Sharif]. – А. : Sanat, 1995. – 128 p.
- 5 **Kopeyuly, M. Zh.** 20 tomduq shyğarmalar jınaғы. III tom. [Collection of works in 20 volumes. Volume III.]. – Pavlodar, 2003. – 382 p.
- 6 **Panova, V., Bahtin, Yu.** Mūhammed paığambardyñ ömiri. [The life of the Prophet Muhammad]. – А. : Writer, 1994. – 464 p.
- 7 **Yassauı, K. A.** Hikmetter. [Hikmetter]. – Almaty : Art, 1995. – 208 p.
- 8 **Quran Kārim.** [Quran]. – Medina, 1991.
- 9 **Nizami.** Jeti aru [Seven Beauties]. – А. : Writer, 1980. – 488 p.
- 10 **Shidfar, B. Y.** Genezis i voprosy stilia arabskogo narodnogo romana (siry) // Genezis romana v literatýrah Azii i Afrıkı. [Genesis and questions of the style of the Arab folk novel (Sira) // The Genesis of the novel in Asian and African literatures]. – М. : Science, 1980.

Материал баспаға 21.05.21 түсті.

Н. К. Жусупов, Е. К. Жусупов, М. Н. Баратова, А. А. Курметова
Торайгыров университет,
Республика Казахстан, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 21.05.21.

СОЗВУЧИЕ ВОСТОЧНОЙ ЛИТЕРАТУРЫ И МАШХУР ЖУСИПА В ВОСПЕВАНИИ ПРОРОКА МУХАММЕДА

Данная статья рассматривает огромное влияние восточной литературы на казахскую литературу. Для нашей литературы, как и для арабской, персидской и тюркской духовности, он является широким каналом, который питал арабскую, персидскую и турецкую духовность. Образ пророка Мухаммеда в восточной литературе схож с образом, который дан в произведениях известного казахского поэта и фольклориста Маишхура Жусипа Копейұлы. Были рассмотрены схожие черты в произведениях таких восточных поэтов, как Низами, К. А. Яссауи, Ж. Баласағун с дастанами М. Ж. Копеева «Жер мен көк» и «Хаятбақы». Примером является образ Назиры, сложившийся в восточной литературе, широко использовался казахскими поэтами, при описании образа пророка Мухаммеда. Маишхур Жусуп развил традиции Назиры и создал своеобразное течение.

Ключевые слова: восточная литература, казахская литература, дастан, Коран, пророк.

N. K. Zhussupov, Y. K. Zhussupov, M. N. Baratova, A. A. Kurmetova
Toraighyrov University,
Republic of Kazakhstan, Pavlodar.
Material received on 21.05.21.

THE CONSONANCE OF EASTERN LITERATURE AND MASHKHUR ZHUSSIP IN THE CHANTING OF THE PROPHET MUHAMMAD

The article examines the enormous influence of oriental literature on Kazakh literature. For our literature, as well as for Arab, Persian and Turkic spirituality, it is a broad channel that fed the Arab, Persian and Turkish spirituality. The image of the Prophet Muhammad in oriental literature is similar to the image given in the works of the famous Kazakh poet and folklorist Mashkhur Zhussip Kopeyuly. The similarities in the works of such oriental poets as Nizami, K. A. Yassau, J. Balasagun with the dastans of M. Zh. Kopeev «Zher men kuk» and «Hayatbakshi» are considered. An example is the image of Nazira, formed in oriental literature, was widely used by Kazakh poets while describing the image of the Prophet Muhammad. Mashkhur Zhussip developed the traditions of Nazira and created a peculiar trend.

Keywords: eastern literature, kazakh literature, dastan, Koran, prophet.

Теруге 21.05.2021 ж. жіберілді. Басуға 01.06.2021 ж. қол қойылды.
Электронды баспа
1,8 Mb RAM
Шартты баспа табағы 16,1. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.
Компьютерде беттеген: А. Шукурбаева
Корректор: А. Р. Омарова
Тапсырыс № 3779

Сдано в набор 21.05.2021 г. Подписано в печать 01.06.2021 г.
Электронное издание
1,8 Mb RAM
Усл. печ. л. 16,1. Тираж 300 экз. Цена договорная.
Компьютерная верстка: А. Шукурбаева
Корректор: А. Р. Омарова
Заказ № 3779

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы
Торайғыров университеті
140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.
67-36-69
e-mail: kereku@tou.edu.kz
www.vestnik.tou.edu.kz